

КАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КАРАГАНДЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«Ә.ШЫХАН ЕРМЕКОВ АТЫНДАҒЫ
МЕКТЕП-ИНТЕРН»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ИНТЕРН»
ИМЕНИ А.ШЫХАНА ЕРМЕКОВА
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КАРАГАНДЫ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

01.09.2023
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 129
город Караганда

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру және білім беру ұйымдарында ішкі тәртіп ережелерін бұзудың алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп кабинеттеріне жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, мұғалімдер тарапына сыйлықтар сыйлау, аттестация өту кезінде, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға;

-кітап сатуға, көңіл көтеретін мекемелерге билет сатуға;

-концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуіне ақша жинауға;

-мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан ақша жинауға;

-мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын безендіру үшін ақша жинауға;

-оқу процесі кезінде коммерциялық құрылымдардың жарнамалық шаралар ұйымдастыруға (байланыс операторларының, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарының және т.б. жарнамасы);

2. Жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымдардың онімдерін өткізуге тыйым салынсын.

3. Білім беру ұйымы қызметкерлерімен бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылмайтын оқушылардың байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға қатысуы үшін ата-аналардан қаражат жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолданылсын.

4. Тәрбиелеу жұмысын орындау аясында білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуынсыз өткізілсін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу).
5. Оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
6. Ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдерге тиісті шаралар қабылдансын.
7. Аталған бұйрықпен мектеп-лицей ұжымы таныстырылсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.С.Балапановаға жүктелсін.

Мектеп директоры



Ж.М.Берлибеков